ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 16 ақпан № 5165-24-00-2/189 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.Ш. Мырзахметов оңайлатылған тәртіппен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Халықаралық туризм және меймандостық университет» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «ЖК Сейсембек» Абзал Нұрланұлы Сейсембек

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы ретінде тану
2. Тұрақсыздық сомасы 17 956 теңгені өндіру

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 109, 117, 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот,**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Халықаралық туризм және меймандостық университет» коммерциялық емес акционерлік қоғамының талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «ЖК Сейсембек» Абзал Нұрланұлы Сейсембек мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «ЖК Сейсембек» Абзал Нұрланұлы Сейсембектен мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж салығы 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «ЖК Сейсембек» Абзал Нұрланұлы Сейсембектен талап қоюшы «Халықаралық туризм және меймандостық университет» коммерциялық емес акционерлік қоғамының пайдасына

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 16.02.2024
Заңды күшіне енген күні: 28.03.2024, судья Мырзахметов К. Ш., 01.04.2024
5165-24-3-1/128

тұрақсыздық сомасы 17 956 (он жеті мың тоғыз жүз елу алты) теңге, төленген мемлекеттік баж салығы 539 (бес жүз отыз тоғыз) тенге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхатты келтіруге ерікті.

Судья **К.Ш. Мырзахметов**

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 16.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 28.03.2024, судья Мырзахметов К. Ш., 01.04.2024

5165-24-3-1/128